

"Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 761 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 753 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 қарашада № 17792 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 761 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8861 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2014 жылғы 18 ақпандағы № 33 (28257) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың әрекеті "Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу қағидаларын және кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесін және оларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 маусымдағы № 19-2/510 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11862 болып тіркелген) сәйкес кеме қатынасы санатына жатқызылған жер үсті су объектілеріне қолданылады.";

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Кеме жолындағы навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алу) және қызмет көрсету бойынша жұмыстардың көлемі навигацияның тәуліктік созылуына кемең жүретін жолдың километрі ұзақтығын көбейтумен километр-тәуліктерде анықталады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Жол учаскесінің ұзақтығы және осы учаскені айналып өту жиілігі жолдардың сипаттамаларына (габариттеріне, ағыстың жылдамдығы, судың саяз жерінің санына және т.б), учаскенің навигациялық белгі құралдарымен толықтығы, техникалық құралдардың жаңарту сапасына және кеме жолының қарқындылығына байланысты болады. Бірақ айына 4 айналымнан кем емес.".

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ У.Е. Шукеев

2018 жылғы " ____ " _____